



030906, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Шұбарши ауылы, «Ақсай» көшесі, 9 үй, тел: 73-4-93
030906, Актюбинская область, Уилский район, село Шубарши, ул.Ақсай, дом 9, тел: 73-4-93
e-mail: zhaksybaikolosh.00@mail.kz

Бұйрық №24
Жақсыбайкөл негізгі мектебі

28.04.2023 ж

**2022-2023 оқу жылын аяқтау және негізгі білім
беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 сәйкес Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 16 сәуірдегі №173 бұйрығы және Ойыл ауданының 2023 жылғы 25 сәуірдегі №368 бұйрығы негізінде, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жақсыбайкөл негізгі мектебінде 2022-2023 оқу жылғы оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
2. 9 сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.
3. Қорытынды аттестаттау бекітілген мерзімге сәйкес уақытылы өткізілсін.

9-сынып оқушылары үшін:

- 1) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан-2023 жылғы 2 маусым;
- 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)-2023 жылғы 6 маусым;
- 3) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)-2023 жылғы 9 маусым.
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын) информатика)-2023 жылғы 13 маусым;
- 5) Жақсыбайкөл негізгі мектебінде ағымдағы жылғы 31 мамыр күні оқу жылын аяқтау, негізгі білім беру туралы аттестаттарды тапсыру шараларын міндетті түрде мектеп қабырғасында өткізілсін, әрі білім

алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары қатаң бақылауға алынсын.

6) Жасқыбайкөл негізгі мектебі бойынша ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.

7) Ұлттық білім беру дерекқоры мәліметтері мен "Күнделік" жүйесіне уақытылы, сапалы толтырылуы, жылдық, қорытынды бағалардың уақытылы қойылуы қадағалансын.

8) 9 сынып оқушылары үшін емтихан уақытылы жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

Осы бұйрықтың орындалуын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ә.М.Тұрғалиеваға міндеттеймін.

Мектеп директоры:



К.А.Сатығалиев



030906, Ақтобе облысы, Ойыл ауданы, Шұбарши ауылы, «Ақсай» көшесі, 9 үй, тел: 73-4-93.
030906, Актюбинская область, Уилский район, село Шубарши, ул.Ақсай, дом 9, тел: 73-4-93.
e-mail: zhaksybaikol.osh.00@mail.kz

Бұйрық №25
Жаксыбайкөл негізгі мектебі

30.04.2023 ж

**Қорытынды аттестаттау
комиссиясын құру туралы**

“Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1.2022-2023 оқу жылы бойынша Жаксыбайкөл негізгі мектебін бітіруші 9 сынып білім алушыларына жүргізілетін қорытынды аттестаттау бойынша төмендегідей құрамда ұйымдастыру комиссиясы құрылсын.

- 1.Қ.А.Сатығалиев-комиссия төрағасы, мектеп директоры
- 2.Ә.М.Тұрғалиева- комиссия мүшесі, оқу ісі жөніндегі орынбасары
- 3.Ж.М.Шаутинов- комиссия мүшесі, математика пәні мұғалімі
- 4.М.Б.Ерманова-комиссия мүшесі, казак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
- 5.Г.А.Оңайбаева-комиссия мүшесі,камқоршылық кеңес төрайымы
- 6.Г.О.Сабырова-ата-аналар комитетінің төрайымы.

4. Білім алушылар, педагогтар мен ата-аналар үшін қорытынды аттестаттау өткізу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

5. Қорытынды аттестаттау өткізу жөніндегі, сондай-ак қорытынды аттестаттауға білім алушыларды даярлау бойынша жұмыстар ұйымдастырылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ә.М.Тұрғалиева міндеттелінсін.

Мектеп директоры:



Қ.А.Сатығалиев